



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
**«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

I KİTAP



I КНИГА

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

находится небольшое озеро Сералы. На его высоком берегу покоится прах Мухамеджана Сералина. Говорят, перед смертью Мухамеджан-ата один сундук со своими рукописями и книгами завернул в кошму и зарыл в землю. Неоднократно проводили там раскопки, но ничего не нашли. Возможно, это всего лишь легенда. В 2005 году 22 сентября на центральной площади, было торжественное открытие памятника уроженцу Урнека Мухамеджану Сералину, а также в районном историко – краеведческом музее был установлен постумент Мухамеджану Сералину, по инициативе родственников Мухамеджана Сералина. А также Карабалыкую среднюю школу №3 и школу в селе Урнек назвали в честь М.Сералина. [2]

Изучение жизни великих людей нашего края даёт возможность *воспитывать у школьников причастность к истории своих предков, заставляет задуматься о прошлом и настоящем через поиск, исследования, изучение традиций и обычаев родного края, познание своих корней, неразрывной связи с предшествующими поколениями, т. е. формирует те ценности, которые необходимы именно сегодня: патриотизм, духовность, национальное самосознание.* [5] *Качество и объем краеведческой работы школьников, увлеченность и масштабы их деятельности во многом зависят от учителя. Если учитель не относится формально, если он заинтересован, то тогда можно добиться огромных результатов. Поэтому успешные результаты школьного краеведения во многом зависят от заинтересованности самого учителя и от того, как он сумеет заинтересовать краеведческой (поисковой) деятельностью своих учеников. Учитель должен хорошо знать свой край (область, регион), систематически его изучать и владеть знаниями краеведческой работы со школьниками. Занимаясь краеведческой работой с детьми и подростками, учитель, в первую очередь, повышает свой интеллектуальный уровень и более глубоко овладевает профессиональной компетенцией. Краеведение для учителя — верный путь к научно-исследовательской деятельности. Таким образом, развитие краеведения является актуальным направлением современного образования, т. к. главной его функцией является воспитание гражданственности и патриотических чувств у молодого поколения.*

#### Список литературы

1. Черныш П. «Наш отчий край Карабалык», - Костанай. 2009.
2. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Искусство преподавания: концепции и инновационные методы обучения. Учебное пособие. – Алматы. 2013.

### АДАМЗАТ ҰРПАҒЫМЕН МЫҢ ЖАСАЙДЫ

Шалгимбекова А.Б,  
педагогика кафедрасының аға оқытушысы  
Ермаганбетова А.Ж,  
педагогика кафедрасының оқытушысы,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі  
Сәбитбек Ж.К,  
ПжП мамандығының 1 курс студенті

#### Аннотация

*Бұл мақалада отбасында бала тәрбиелеудің негізі ата – аналардың атқаратын әдіс – тәсілдері мен отбасы мүшелерінің өз міндеттеріне көзқарасы, отбасындағы бала тәрбиесінің сәтті болуы мен нәтижелілігі ата – аналардың педагогикалық мәдениеті деңгейімен ұштасады екенін білдіргіміз келеді. Сондықтан, дұрыс қойылған отбасындағы тәрбие – біздің қоғамның сапалы азаматты тәрбиелеудің кепілі болат екінің кейбір жолдары қарастырылған.*

#### Аннотация

*В этой статье рассматриваются основы воспитания детей в семье, методы и приемы воспитания, обязанности родителей, взаимоотношения между членами семьи и их взгляды. От*

*педагогической культуры родителей зависит конечный результат воспитания. Поэтому от правильного воспитания детей в семье зависит будущее становление достойного гражданина общества.*

#### **Abstract**

*This article discusses the basics of parenting children in the family, methods and techniques of parenting, the responsibilities of parents, the relationship between family members and their views. The final result of education depends on the pedagogical culture of the parents. Therefore, the future development of a worthy citizen of society depends on the proper upbringing of children in the family.*

**Түйінді сөздер:** *отбасы тәрбиесі, тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдері, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас, ата-аналардың педагогикалық мәдениеті, азаматтарды тәрбиелеу.*

**Ключевые слова:** *воспитание в семье, методы и приемы воспитания, общение между членами семьи, педагогическая культура родителей, воспитание гражданина.*

**Keywords:** *education in the family, methods and methods of education, communication between family members, pedagogical culture of parents, education of a citizen.*

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы - жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным – өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз бостандығын, пікір бостандығын сездірту, олардың ұстанымдарымен санасу [1].

Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата бабамыздан қалған асыл сөздің сырына үнілер болсақ, бала әкеден-ақыл, анадан-мейір алады. Бала – ата - аналардың өміріне мән мен мағына, импульс беретін таусылмайтын қайнар көз. Әр ата - ана өз баласының болашағына қажетті қабілеттерді дамыту үшін үнемі жетіліп отыруы қажет. Отбасы тәрбиесі дегеніміз алдымен ата - аналардың өзін - өзі тәрбиелеуі деп өткеннің ұлы педагогтары бекер айтпаған. Себебі, өзінде жоқ қабілетті бала бойында қалыптастыру және өзің күнделікті жіберіп отырған қателіктеріңді баланың жібермегенін талап ету өте қиын. Көбіне ондай қателіктер отбасы мүшелерінің өмір сүру, өзара қарым - қатынас жасау әдеттеріне, бала тәрбиесіне қатысты дұрыс қалыптаспаған пікірлеріне байланысты. Мысалы, ата - ана баласын тыңдату үшін өтірік алдайды немесе қойылатын талаптарында белгілі бір жүйелілік жоқ. Л.Н.Толстой: «Ата - аналардың басты қателігі – олардың ең алдымен өздерін тәрбиелеп алмай, балаларын тәрбиелеуге тырысатындығында» деп бала тәрбиесі туралы отбасы мүшелеріне құнды пікір айтады[2].

Қазіргі кезде өте өзекті мәселелердің бірі ата - аналардың отбасында баланың мінез - құлық, жүріс - тұрыс мәдениетіне қажетті дәрежеде көңіл бөлмеуі, балаға кәсіпті таңдауда өзіне ерік бермеуі, отбасылық өмірге даярламау мәселесі. Себебі, қазіргі жастардың көбі отбасылық өмірге дайын емес. Сондықтан ата - аналардың басты міндеттерінің бірі кіші жастан бастап отбасылық қарым - қатынастың мәні мен маңызы, әке мен ананың бала алдындағы жауапкершілігі, олардың отбасындағы рөлі туралы түсініктерді қалыптастыруында болып отыр. Ал, баланың кәсіпті өз еркімен таңдамауының салдарынан жұмыссыз жастардың саны артуда. Алматыда ең көп жұмыссыз жастар (16,2 мың жас) орналасқан. Бұл Қазақстан Республикасында 15-28 жастағы жұмыссыздардың жалпы санының 19,3% -ын құрайды. Оған ата - аналардың өз баласының қабілеті мен икемділігін ерте жастан байқап, дамытпауы, мектепте дұрыс білім алуын қадағаламауы деген сияқты әртүрлі себептер әсер етеді. Баланың өміріне немқұрайлықпен қараудың себебінен өкінішке орай 2018 жылдың қорытындысы бойынша 5 және 17 жас аралығындағы 134-тен астам жас өскін өз-өзіне қол салып, өмірімен ерте қош айтысса, мектеп жасындағы 294 бала суицид жасауға талпынған[3]. Бұл жағдай – тәрбиенің сәтсіздікке ұшырауы. Тәрбиенің сәтсіздікке



ұшырауының басты себебі: тәрбиені жүргізіп отырған адамның педагогикалық көзқарастарының жеткіліксіздігі, адамның көңіл - күйі мен материалдық, әлеуметтік жағдайының нашарлығы. Отбасылық тәрбие тиімсіздігінің себептері: отбасындағы өктемдіктің баланы өзін - өзі басқарудан, билеуден айырып, өз күшіне, мүмкіншілігіне сенуден қалып, оған қарсы қоярлық ішкі күш - жігерінің төмендеуі, сезімінің мұқалуы; ата - ананың баласының іс - әрекетіне немқұрайлы қарауы, жауапсыздық танытып, баланың, кездейсоқ, күмәнді адамдармен танысуға мүмкіншілік алуы.

Отбасындағы басты мәселелердің бірі - баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру: баланың тәртібі, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу – әрекеті, бос уақытын ұйымдастыру. Бала өмірін және іс – әрекетін ұйымдастыруда негізгі жағдайлардың бірі - ұтымды күн ырғағын жасау. Күн тәртібі – өмір тәртібі, еңбек пен демалыстың парасаттылықпен кезектесіп өтуі, баланы жинақылыққа, тілалғыштыққа дәлділікке, мұқияттылыққа үйретеді, денсаулығын нығайтады, еңбек қабілетін жақсартады. Дұрыс ұйымдастырылған күн ырғағы белгілі дағдыға үйретеді, дағды әдетке айналады. Әдет келешекте бала қажеттілігін қанағаттандырады. «Балаң жақсы тәрбиелі болса, о дүниеде Алла Тағаланың алдында бұл дүниеде адамзат арасында да жүзің жарқын болады» дейді, сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммед хадистерінің бірінде . Біздің балаларымыз әлі жас шыбық тәрізді, түбі нәрлі болса, мәуелі болып өседі, нәрі әлсіз болса, жапырағы қураған ағаш тәрізді білімсіз, ғасыр індетіне айналған азғындық жолына түсіп, соның құрбаны болуы да әбден мүмкін. Сондықтан да өз баласының саналы азамат болып өсуі үшін ата-аналардың азаматтық борышы өте зор.

Жас шыбықты қалай ексең, солай өседі ғой «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау- ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала-әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік. Отбасы - адам баласының өсіп-өнер, қаз тұрар, қанат қағар ұясы, алтын бесігі. Тәрбиенің кілті - отбасының өмір тіршілігіне байланысты. Әсіресе, ата-ананың адамгершілік бейнесі балаларды тәрбиелеудің негізгі көзі. Бала өмірінің алғашқы күнінен бастап ата-ана өздерінің негізгі борыштарын атқаруға кіріседі, яғни оларға тәрбиеші бола бастайды. Отбасының берік негізі міне, рухани мүдденің бірлігінде болмақ. Оның біртұтас тату болуы береке бірлігі ең алдымен әке-шешенің бір-біріне, балаларына қалай қарайтындығына байланысты.

Ұрпақ – болашақ, яғни ол адамзаттың болашағы, ал отбасы кішкене мемлекет. Отбасында ынтымақ болмауынан, ерлі-зайыптылар арасындағы алауыздықтан, бірінің сөзін екіншісі тыңдамауы, бала тәрбиесін тым қиындатып жібереді сондықтан ата-ана беделден, тіл алғызу ықпалынан айырылады. Кей ата-аналар өздерінің міндеттерін тек балалардың қарнын ашырмау, киімдерін бүтіндеу деп те ойлайды. Балаларының білімін мектепте алған бағаларымен ғана бағалайды. «2» алса жаман, «5» алса жақсы. Оқу жылы ішінде бірде-бір рет балаларының сабағына қатыспайтын ата-ана, баласы бұзық болса, тәртіпсіз болса ұстаздар қауымына тіл тигізіп, қаралап жататын кездері де аз болмайды. Міне, сондықтан отбасындағы білім беру бағытындағы тәрбиесі жайына қалады. Отбасының аса маңызды міндеттерінің бірі-баланы жарқын істерге, нұрлы мұраттарға тәрбиелеу екендігін естен шығарып алған қаншама ата-ана бар десеңізші. Халқымыздың «Балаңды бес жасқа дейін патшадай сыйла, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, одан соң өзіңе ақылшы дос сана» деген өмірлік қағидасы бар емес пе!

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отының басындағы, ата-ана тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы ата-анасы» демекші отбасындағы таным, түсінік қалай қалыптасса, адамның бойында қалатын сол қасиет солай қалыптасады. «Болса тәртіп, бала өседі сомданып, қатаң ұста, бос жүрмесін сандалып» деп Жүсіп Баласағұн

айтқандай, есі кіріп, тілі шыға бастасымен-ақ баланы шектен тыс шолжандатпай, байсалды, ұғымтал, тілалғыш етіп баулу ата-ананың басты міндеттерінің бір./4

Отбасында бала тәрбиесіне теріс ықпал ететін факторлардан ата-ана әрқашан аулақ болуы керек. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, жалпы отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше. «Қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол, ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол», «Ұл туса елдің қорғаны, Қыз туса елдің көркі» деп халқымыз бекер айтпаған шығар. Мұның бәрі әке-шешенің бала тәрбиелеудегі өздерінің үлгі-өнегесіне де тікелей байланысты болмақ. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз.

Отбасы – адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі.

2006 жыл – Қазақстан Республикасында Отбасы жылы болып жарияланды. «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады» деген елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөздерін келтіруге болады[4].

Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар. Атақты қазақ ақыны Қасым Аманжолов өзінің жарына арнаған бір өлеңінде: Отбасы – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер, дегені бар. Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс-шығыс бюджеті, қастерлеп ұстанатын рәміздері, т.б. болатыны сияқты, әр отбасы болмыс-тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар, оның жаратылысы да басшылық пен қосшылықты қажет етеді. Сондықтан отбасының құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерін бір-біріне қатысты адалдыққа тәрбиелеген. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің мәнісі де осында.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу - ата - ананың табиғи құқығы әрі парызы» деп отбасының міндеті анық көрсетілген. «Қазақстан - 2030» бағдарламасында балаларымызды алыс болашақта қандай сапада көруіміз керектігі туралы айтылған. Сонымен бірге «Отбасы туралы Заң», әрбір отбасында өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген. Сөйтіп, отбасының әуел бастан - ақ өзіне тән киелі міндетін орындау, ата-ананың тәрбиесі қалыпқа түсті. Отбасы - баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы қатарында өмірдің мақсаты, оның құндылықтарын біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мәліметтерді береді және онда басқалармен қарым - қатынас орнатуына іс-жүзінде дағдыланады. Сөйтіп өзінің «кім?» және «қандай?» екенін тәжірибиеде сынап байқап көреді. Отабасында әр түрлі жағдаяттар мен төтенше ахуалдарда өзін ұстаудың нормаларын, мінез - құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Ата - ананың үгіт - насихаты, түсіндіруі, олардың үлгі - тәрбиесі, үйдегі ахуал, отбасының психологиялық тынысы арқылы балалардың әдеті, мінез - құлқы, жақсы - жаманды бағалау критерийлері қалыптасуымен қатар қандай қылықтары үшін сөгіс алып, не үшін жазаланатынын, әділдік пен адалдық туралы ұғынып түсінеді. Балалар өз бойынан ата - анасының бар болмысын көрсетсе, керісінше ата - аналар да өмірінің жалғасын балаларынан көреді.

Әсіресе, балаларды жас кезінен бастап тазалыққа, жинақы - ұқыптылыққа, еңбекті сүйеге және оның қадір - қасиетін түсінуге, үлкендерді соның ішінде жасы үлкен қарттарды құрметтеуге және оларға мейіріммен қарауға, ал өзінен кішілерге қамқор болуға үйрету ежелден келе жатқан тәрбие құндылықтары болып саналады. Ата - аналар өсіріп отырған ұл - қыздарын жағымсыз қылықтардан сақтандырып отырған. Сондықтан да баланың бойынан көрінген кейбір арзымайтын кемшіліктерді дер кезінде түзеп, ескерту жасап тұрудың маңызы үлкен болған. Себебі, бүгін арзымайтындай болып көрінген кішкентай қателік, ертең үлкен бір даулы мәселеге жол ашып беруі мүмкін. Ал мұның соңы жақсы нәтижеге алып келмейтіні рас.

Отбасының бала тәрбиесіндегі рөлі зор бала тәрбиесінде отбасы ықпалы басқа тәрбиелік ықпалдарға қарағанда ең басым болып келуі; өркениетті, зайырлы, құқықты қоғамның азаматын тәрбиелеуде отбасы мемлекеттің негізгі буыны; отбасы – болашақ ұрпақтың бойында ең құнды адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын қоғамның ажырмайтын басты тірек – арқауы; отбасы – жеке тұлғаны әлеуметтендіру міндетін жүзеге асырушы. Ол болашақ жас азаматтың дене жетілеуіне, шынығуына, рухани және адами дамуына, ең құнды жалпы адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықты бағалауға, еңбек ету дағдысын тәрбиелеуге ықпал жасаушы; отбасы бала тәрбиесінде адамзат қоғамның тарихындағы ғасырлар сынынан мүдірмей өткен ұлттық дәстүрлі жалғастырушы; отбасының әлеуметтік міндеттерінің өзегі тәуелсіздікке ие болған Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңдарын құрметтеуші, елжанды азамат тәрбиелеу; отбасы баланың мамандықты еркін және саналы таңдауына ықпал жасаушы; отбасы өзінің ұрпағын болашақ отбасылық өмірге дайындаушы.

Баланың шыр етіп өмірге келуі-зор қуаныш. Өйткені, бала өмірдің сәні, отбасының шаттығы. Отбасы- белгілі дәсүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғаш рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларын игереді. Сондықтан отбасылық өмір-жеке адамның азамат болып өсуінің негізі. Отбасы-оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы ынтымақтастыққа негізделеді. Отбасындағы басты мәселелердің бірі- *баланың тіршілік әрекетін ұйымдастыру*: баланың тәртібі, міндеттері, қойылатын талаптар, оның үй еңбегіне қатысуы, оқу-әрекеті, бос уақытын ұйымдастыру. Отбасында балалардың тәрбие үдерісіне табысты ықпал жасайтын басқа жағдайлар:

1) отбасының этникалық құрамы және құрлымы: толық емес отбасы, бір балалы отбасы, бір ұлттық, көп ұлттық отбасы.

2) тіршілік әрекетінің жағдайлары: отбасы мүшелерінің білім дәрежесі, еңбектену, кәсіптік құрамы, бюджеті, жалпы материалдық әл-ауқаты, ауылдық және қалалық отбасы.

3) отбасының мәдени потенциалы: күнделікті тұрмыстың жалпы мәдениеті, күн ырғағы, демалыс, оның формалары, кітапхананы, теледидарды, музей аспаптарын пайдалана білуі, спортпен айналысу, отбасылық дәстүрлік мерекелер.

4) ішкі отбасылық қатынастар микроклиматы отбасындағы көзқарастың бірлігі және айырмашылығы, отбасы мүшелерінің өз міндеттеріне көзқарасы.

5) қоғамға көзқарасы: еңбек пен қоғамдық міндеттерге, қоғамдық тәрбие институттарына қатысты.

6) отбасының тәрбиелік мүмкіндігі: отбасылық тәрбие, әдістер, ата-аналардың және басқа мүшелердің педагогикалық мәдени дәрежесі.

Отбасында баламен қарым - қатынас жасау үшін ата - аналарға мына түрдегі кеңестерді ескерге артық болмас деп ойлаймыз: баланы бар қалпында сүйіп, оны бала екеніне қарамастан құрметтеу қажет; баламен қарым - қатынас барысында оның санасына әсер ететін құрғақ сөз емес, керісінше сол сөздің қалай айтылғаны мен шын көңілден шыққанын ескерген жөн; баланың не айтқысы келетінін ата - ана түсініп алып,

жауап қайтарғаны жөн, ал асығыстық жасаған жағдайда қорытынды жасаудан сақтанған дұрыс;

бала жасаған келеңсіз іс - әрекеті үшін ата - ана жаза қолдана білгені жөн, ол баланың жауапкершілікті болып өсуіне ықпал етеді. Бірақ ешуақытта баланың намысына тиіп, қорламаңыз, себебі бала жаман емес, оның қылығы жаман; балаға үйрететінін алдымен өзің үйреніп, біліп алғаны жөн; Отбасында бала ата - анасына түгелдей тәуелді екенін ұмытпаңыз; бала жастығына қарамастан, ата - ана тарапынан қадағалағанды жек көреді, өз өміріне тек шын ықыласпен араласқанды ғана ұнатады. Бала табиғатынан ата - анасын сүйеді; - ата - ана баланы қиындықтардың құрсаында жалғыз қалдырмауға тырысқаны жөн. Бала тәрбиесінде қолданылатын басты әдістер, бұл - үлгі - өнеге, бірлікті еңбек, әңгіме - сұхбат, баланы қолдау мен қуаттау және қорғау. Бала ата - аналар арасындағы байланысқа, басқа адамдармен қарым - қатынас орнатуына, отбасы ішіндегі тұрмыс - тіршілігіндегі жағдайларға, барша отбасылық іс - әрекеттерге қатысады. Сондықтан да баланы тәрбиелеу үшін арнайы шарт, жағдайлар жасаудың тіпті де қажеті жоқ, тек қана ата - ана мен отбасы мүшелері тарапынан дұрыс, инабатты, адамгершілік әдебі сақталған қарым - қатынас арқылы баланы тәрбиелеп, өз болашағында осы қасиеттерді басты ұстаным етіп алуын ұғындырған жөн[4].

Сонымен, ата-ананың тәрбиесі бала мінезінің ірге тасы. Тәрбие – табалдырықтан басталады нақылы өмірден алынған шындық. Бала тәрбиесі – нәзік те күрделі, әрі қоғамдық жауапкершілікке жатады. Бала – өмірдің гүлі, сол әлеуметтің болашағы. Баланы тәрбиелі де, саналы азамат етіп өсіргіміз келсе, ең алдымен өзіміз кіршіксіз таза, тәрбиелі адам болуымыз керек. Адамгершілік пен саналықтың бастапқы қарапайым белгілерін өнегелі отбасында дарытқан баланың болашағы жарқын, өмірі мәнді болмақ. «Біздің балалар-біздің қарттығымыз, жаман тәрбие-болашақтағы қайғымыз, бұл біздің көз жасымыз, бұл басқалар алдындағы, бүкіл еліміз алдындағы біздің кінәміз» демекші кең байтақ елімізде ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып, ұяттылық, әдептілік, көргенділік, мейірімділік, шарапаттылық салтанат құрып үйлесімділік тауып жатса, сол қымбат қасиеттердің бәрі отбасы, ошақ қасында бүршік атып, бұтағын жаятынын естен шығармауымыз керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. - Астана. Ақорда, 2015.
2. Жүндібаева Т.Н. Отбасы педагогикасы. Оқулық. - Алматы, 2014.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Алматы баспасы 2014.
4. Қыстаубаева Н. Отбасындағы ата – ана мен баланың қарым – қатынас мәдениеті //Бастауыш мектеп, 2001. – № 3.

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ- ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА БАСТАМА**

Шалгимбекова Алия Батырхановна,  
ҚМПУ аға оқытушы,  
Салыкова Әсел Дарияқызы,  
педагогика ғылымының магистрі,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі  
Қостанай қаласы №8 ОМ

#### **Аннотация**

*Образовательная система, основанная на принципах гуманизма, позволяет сформировать личность, обладающую креативным мышлением, ориентированную на милосердие,*



## МАЗМУНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

### СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

#### СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58

<i>Берденова А. С.</i> , «Воспитательный потенциал социума в формировании активной позиции личности: сохранение духовно-нравственных ценностей, интереса и уважения к истории, культуре и традициям родного края».....	61
<i>Борамбаева А. Б., Изделева Г. А., Нурканова А. Т.</i> , «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүзеге асыру жолдары.....	64
<i>Виниченко О. В., Шатских А. А., Синнер Т. А.</i> , Воспитание толерантности у младших школьников, как одно из приоритетных направлений в рамках программы «Рухани жаңғыру» .....	67
<i>Даумова Б. Б.</i> , К вопросу о формировании этнотолерантных качеств молодежи в контексте « рухани жаңғыру» .....	70
<i>Должикова И. И.</i> , The theoretical aspects of integration natural-mathematical cycle and english.....	75
<i>Досмухамедова Р. К.</i> , Реализация общенациональной идеи «Рухани жаңғыру» на уроках географии и краеведения.....	78
<i>Жанабаева А. Т.</i> , Творчество – высшая форма активности педагога и учащихся.....	82
<i>Жургумбаева А. А.</i> , Рухани жаңғыру – жаңартылған білім беру мазмұны білімнің жаңа сапасының кепілі .....	85
<i>Журкубаева Г. Т.</i> , Краеведение, как фактор развития исследовательской деятельности.....	88
<i>Игисенова У. С., Михеева М. В., Соболева Н. В.</i> , Актуальные направления современного образования в контексте приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....	91
<i>Исетова Б. К.</i> , «Военно – патриотическое воспитание и реализация идейной платформы «Рухани жаңғыру» на уроках математики» (на примере историко-краеведческого материала г.Костаная).....	95
<i>Ишмухамбетова Б. М.</i> , Применение многоязычия в современной образовательной системе.....	99
<i>Кабылдина А. Т., Шакиржанова Ж. М., Копбаева А. Г.</i> , «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....	102
<i>Кажохметова Д. Б., Тусова А. Ж., Курмангалиева А. А.</i> , Оқушылардың оқу белсенділігін арттырудағы топтық жұмыстың тиімділігі.....	106
<i>Калимарданова Г. Д., Серикова Л. С., Бегманова К. Д.</i> , Тұлғаның өмірлік тәлімі-жаңа ұрпақты рухани және патриоттық тәрбиелеудің негізі.....	110
<i>Караичев Д. И.</i> , Формирование финансовой грамотности старших школьников через программу дополнительного образования бизнес-клуб. ....	113
<i>Кенжегалиева С. К.</i> , Мектеп мұражайы: білім мен тәрбие берудің бір бағыты.....	117
<i>Кожубаева А. Ж.</i> , История развития и своеобразие прикладного искусства казахского народа на примере ковроткачества.....	122
<i>Курманова А. А., Бекбаева С. Т., Утенова З. Т.</i> , Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа білім беру жүйесі.....	126
<i>Көшегалина А. М.</i> , Ыбырай Алтынсариннің ағарту – педагогикалық мұраларын қазіргі кездегі білім саласында қолдану.....	128
<i>Қайырбек А. К.</i> , Тьютор - как элемент педагогической деятельности.....	132
<i>Леванова Т. А.</i> , Тьюторское сопровождение профессионального самоопределения обучающихся в условиях общеобразовательной школы.....	134
<i>Мельникова Т. В., Мехова А. И., Булатова Р. Г.</i> , Современные тенденции развития начального общего образования в рамках программы «Рухани жаңғыру».....	138
<i>Миничкина С. Б.</i> , Творческое и духовное развитие учащихся в студии эстрадного вокала «солнышко».....	142
<i>Мухамбетжанова З. С., Колдасбаева Е. Д.</i> , Білімнің салтанат құруы рухани жаңғыру болашаққа бастар жол.....	144

<i>Мухамедкалиева Б. М., Карибаева Г. Т., Байсаматова Ж. М., Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «рухани жаңғыру» бағыттарын іске асыру жолдары.....</i>	149
<i>Мырзағалиева К. М., Абдрашева А. Қ., Ы.Алтынсарин мен Я. П. Яковлев.....</i>	152
<i>Нұрмұхаметова Қ.Т. Ұлттық құндылықтың негізі – рухани жаңғыру кепілі.....</i>	156
<i>Нуркина Б.Ә., Дүйсембаева Г.Т., Ибраева М.Д., Білім беру саласында дара ұстаздың рөлі.....</i>	160
<i>Нурмуратова К. А., Функциональная грамотность как основа развития гармонической личности в современных условиях.....</i>	163
<i>Орынбаева Ж. Т., Орынбаева Г. Т., Жусупова Л. А., «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеяларын әдебиеттік оқу және дүниетану пәндерін кіріктіру арқылы жүзеге асыру.....</i>	168
<i>Оспанұлы С., Мырзағалиева К. М., Ыбырай шындыққа жүгінген.....</i>	171
<i>Оташева С. Қ., Ақпараттық технологияларды білім беру үрдісінде қолдану заман талабы.....</i>	176
<i>Отынбаев Д., Мұғалімнің мәртебесі туралы.....</i>	179
<i>Пестрецова О. Г., Формирование основ функциональной грамотности через интеграцию элементарных экономических знаний в содержание предметов начальных классов в рамках реализации программы «рухани жаңғыру».....</i>	182
<i>Петрушка А. Ю., Смаглий Т. И., Временная компетентность и ее роль в профессиональной деятельности педагога.....</i>	187
<i>Ташенова Р. Т., Хамзина Г. З., Современная система образования через призму приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....</i>	191
<i>Рихтер О. А., Роль учителя истории Казахстана в процессе модернизации сознания и формирования гражданских компетенций будущих специалистов.....</i>	194
<i>Салимжанова Э. Ж., Ильясова А. Т., Нургожина А. С., Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – педагог шеберлігі.....</i>	199
<i>Сейітқазы П. Б., Серикбаева Н. Б., Рахимғалиева П. С., Жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық шарттары.....</i>	202
<i>Смаглий Т. И., Силенко Е. А., Когнитивный стиль и проблема изучения иностранных языков.....</i>	207
<i>Смашова С. Ж., Қазақ тілін екінші тіл ретінде (орыс тілді сыныптары үшін) оқытудағы сөйлеу әрекетінің бірі – айтылым дағдысының ролі.....</i>	211
<i>Сүлейменова Ж. Т., Ақпараттық мәдениет түсінігінің мәні мен мазмұны.....</i>	214
<i>Танатканова С. С., Бутагарина А. И., Қонысбаева Р. С., Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларының тәрбиелік мәні.....</i>	217
<i>Түлебаева К. Т., Дене тәрбиесіндегі жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыру.....</i>	221
<i>Торғаева Г. А., Маркина З. Б., Кельдибаева Б. А., Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінің ұлы ақындар шығармаларымен үндесуі Рухани жаңғыру бағдарламасының бүгінгі таңдағы өзектілігін арттыра түседі.....</i>	225
<i>Халыкова Г. А., Каппасова Ш. Е., Рухани жаңғыру бағдарламасының білім саласына енгізген өзгерістері.....</i>	228
<i>Хамзина К. Б., Ерекин А. М., Тағылымды тәрбие мен терең білімдегі жаңа мүмкіндіктер.....</i>	233
<i>Хамзина К. Б., Жаппар А. С., Рухани жаңғыру – білім саласындағы маңызды бетбұрыс.....</i>	237
<i>Шарипова Д. С., Краеведение как фактор патриотического воспитания учащихся.....</i>	240
<i>Шалгимбекова А.Б., Ермаганбетова А.Ж., Сәбитбек Ж.К., Адамзат ұрпағымен мың жасайды.....</i>	243
<i>Шалгимбекова А.Б., Салыкова Ә. Д., Жаңартылған білім мазмұны – жанашылдыққа бастама.....</i>	248